



Qyzylyjar

nury

Gazet 2005 jylдың 1 қаңтарынан
shyға bastady
Elektrondy poshta kzlgar_n@mail.ru

Petropavl qalalyq qoғamdyq-sarasy gazetі
№12 (747) 29 naýryz 2019 jyl

Qala tarıhy


Алғашқы телефон шырылы

осыдан 110 жыл бұрын естілді

Телефон торабы 1909 жылдың 1 қаңтарында елімізде ең алғаш Петропавл қаласында ашылған болатын. Оның құрамына коммутация орталығы, яғни телефон станциясы, байланыс желісі және абоненттік терминалдар енді. Қаламыздағы алғашқы телефон станциясы Банк көшесі, 58 (қазіргі Совет көшесі, 37) мекенжайындағы тас үйдің ауласындағы қосалқы бөлмеде, кейін 1913 жылдан бастап осы үйдің өзінде орналасты. Телефон станциясында әрқайсысы 100 нөмірлік 2 коммутатор болды. Шведтік “Ларс-МагнусЭриксон” компаниясының бұл құрылғысы сол заманда озық техника саналатын. Кейін қосымша “Гейслер” фирмасының 100 нөмірлік аппараты орнатылды. Телефон станциясы коммутаторларының жалпы қуаты 300 нөмірді құрады. Абоненттік төлем жылына 65 рубль болатын. Бұл ол кез үшін өте қымбат еді. Телефон аппаратары мемлекеттік мекемелерде, шетелдік фирмалардың өкілдіктерінде, жекеменшік кәсіпорындар мен дүкендерде, жоғары лауазымды шенеуніктер, көпестер мен діни қызметкерлердің пәтерлерінде ғана орнатылатын. Телефон желісінің алғашқы меңгерушілеріне тоқталсақ, 1909-1911 жылдары Ельмер (аты-жөні белгісіз), 1911-1927 жылдар аралығында Лав-

рентий Шкретбиенко болды.

Қалалық телефон желісінің қалыптасып, дамуына Лаврентий Лаврентьевич қомақты үлес қосты. Ол бұл қызметке осы сала үшін аса қиын кезеңде келді. Сол кезде оның жасы небары 20-да ғана болатын. Қаланың телефон желісіне 16 жылын арнаған басы 36 жасында өз еркімен қызметтен кетті. 1918 жылдың 31 мамырынан 1 маусымына қараған түні ақтар Петропавл қаласында кеңес өкіметін құлатып, мемлекеттік мекемелерді, соның ішінде телефон станциясын да жаулап алды. 1909 жылдан 1922 жылға дейін телефонист болып жұмыс істеген Мария Крохина сол кезді былай деп еске алады: “Көтеріліс басталысымен, телефон станциясының күзетшілері көзден таса болды. Станциямызға үш офицер таяп келді. Барлық есік тарс жабық еді. Станцияның ішінде бір қызыл гвардияшы мен екі телефонист кезекшілікте. Күзетші зәресі ұшып, телефон станциясы меңгерушісінің бос пәтерінде төсектің астына тығылды. Телефон станциясының меңгерушісі ауласындағы сиыр қораға жасырынды. Телефонистер аппаратарын тастай салып, демалыс бөлмесіне тығылып, есікті диванмен тіреп қойды. Үйде пәтер жалдап тұрып жатқан адам ғана қалды. Есік ашуды талап етіп,



бомбамен қорқытқан офицерлерге балконнан жауап беріп, есік ашқан сол болды. Қарулы үш офицер кіре салысымен, телефонистерге жұмысқа кірісуге нұсқау беріп, қалжыңдауға көшті”.

Осылайша телефон станциясы ақ гвардияшылардың қолына көшіп, 1919 жылдың қазанына дейін соларға қызмет етті. Тұрғындар саны 40 мыңнан астам қалада бір телефонға 169 адамнан келетін.

1921 жылдың көктемінде уездік қала тарихында аса маңызды оқиға орын алып, Петропавл Ақмола губерниясының әкімшілік орталығы мәртебесіне ие болды. Губерниялық қала мәртебесі телефон желісі жұмысына да өз-

герістер енгізді. 1922 жылы көктемде қатты дауыл салдарынан қалада төтенше жағдай қалыптасып, барлық бағандар құлап, электр, телефон және телеграф сымдары үзілді. Телефон станциясы бірнеше айға істен шықты. Жұмыс істейтін аппараттар саны 7 есеге азайды, штат қысқартылды. Дауыл салдары қара күзге дейін қалпына келтірілді.

XX ғасырдың 20-шы жылдары қалада қылмыстық ахуал ушығып тұрған еді. Әсіресе, түнде қылмыс жиі жасалатын. Сондықтан телефон станциясы 4 кезекте тәулік бойы жұмыс істеді. Бұл кезде журналистер де телефон игілігін көре бастады. Петропавл қаласында басылып шыққан Ақмола губерниялық “Мир труда” газеті “Телефон арқылы” деген айдар ашып, қысқа хабарлар жариялап тұрды. Телефон желісінің қаржылық жағдайы аса мез емес еді. Газет беттерінде бұл мәселені шешу керектігі де көтерілді.

Петропавл телефон желісі қалыптасу жылдары бірінші дүниежүзілік және азаматтық соғыстарға, Қазан төңкерісіне байланысты көптеген қиындықтарды бастан кешті. 1925-1926 жылдары коммуналдық трест құрамында жұмыс істеу де оңайға соқпады. Телефон торабының бір құрылымнан басқасына берілуі, шенеуніктердің бюрократиялығы, кадрлардың біліктілігінің төмендігі және еңбекақының аздығы кәсіпорынның тұрақты дамуына кедергі келтірді деген қорытынды жасауға болады.

Серік ДҮЙСЕНОВ,
тарихшы-өлкетанушы.